

Бекітемін
№14 «Шоламан» бөбөкөй-
бакшасынын
менгеруусу: Ж.Ж.Кисигова



**2022-2023 оқу жылына арналған
педагог-психологтың
жылдық есебі**

Педагог-психолог: Даменова Г.Р.

-Психологиялық қызметтің немесе психолог қызметінің мақсаты мен міндеттері:

1 Тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау.

2 Мектеп жасына дейінгі балалардың таным процесстерінің даму дәрежесін анықтау және оны дамытуда үлес қосу.

Мақсаты:

Психологтың атқарылған жұмыстарына тоқталып, атқарылған жұмыстарына байланысты есеп беру.

2022 -2023 оқу жылының жылдық жұмысына тоқталатын болсақ, жаңа оқу жылында менің жұмысым Бөбекжай-бақша балаларының балабақшаға бейімделуін, бейімделу кезеңінен өтуіне психологиялық көмек көрсету, жылдың басында және жылдың аяғында балалардың таным қабілеттерін зерттеу жұмыстары жүргізу,

Ата-аналармен «Бақытты отбасы тақырыбында тренинг өткізілді, Ойындар түрлі жаттығуларды ұйымдастырдым. Бөбекжай-бақшамызда 1-топ. Мақсаты: Баланың таным деңгейін, бүтіндей, жартылай қабылдауын анықтау. Зейіннің тұрақтылығын, естіп, көріп есте сақтауын, қиялдың дамуын анықтау. Мектепке даярлық топ балаларымен жүргізілген жұмыстар ретіне келер болсақ, қыркүйек айында баланың таным қабілеттерін анықтау барысында мектепкедаярлық топтармен жүргізілген әдіс тәсілдер:

1. Ұсақ моториканың даму деңгейін және қабылдау қабілетінің жетілуін анықтау тесті «Қатарды жалғастыр»;

2.Ойлау қабілетінің жетілуін анықтау «Суретпен санды қос»;

3.Қисындық байланыс пен түсінік қарымқатынастың сипаттарын анықтау «Артығын тап»;

4 Зейіннің аударуы мен бөлінуін анықтау «Белгілерді қой»;

5 «Көру арқылы есте сақтау».

6 Өз өзін бағалау тесті «Күрделі жағдайларды шешу» тапсырмалар алынып төмен деңгейге ие болған балалар ата-анамен тәрбиешіге ұсынылып психолог бақылауына алынды. Сонымен қатар балалардың эмоциялық дамуын анықтау

барысында мынандай әдіс –тәсілдер қолданылды. «Отбасын суретін салу», «Үй-Ағаш -Адам», «Кактус», «Өзін-өзі бағалау» әдістері қолданылды. Бұл әдістер бойынша баланың бойында ызакорлықты, отбасындағы қарым-қатынасын жәнеқоршаған ортада өзін қандай дәрежеге қоятындығы анықталды. Нәтижелері

тәрбиешіге, ата-аналарға ұсынылып отырылды. Төмен көрсеткішке ие болған баламен жеке жұмыстар жүргізіліп отыруға, тәрбиешіге ұсыныстар берілді.

Және психологтың жеке қадағалауында түзету сабақтарына алынып отырылды.

1.Қабылдау қабілетін деңгейін зерттеу.

2.Зейін қабілетін аудару мен бөлінуін және сенсорлық қабылдауын зерттеу «Үйлерді көшіріп сал»;

3.Қисындық байланыс пен түсінік қарымқатынастың сипаттарын анықтау
«Үй

жануаларды тамақтандыр»;

4.Ойлау қабілетінің жетілуі «Ойыншықтыарды тап».

5.Қисындық - сөздік ойлау қабілетінің даму деңгейін анықтау тесті «Артық затты тап» деген тапсырмалар жүргізілді. Төмен көрсеткішке ие болған баламен жеке жұмыстар жүргізіліп отыруға, тәрбиешіге ұсыныстар берілді. Балалардың эмоциялдық дамуын анықтау барысында және отбасындағы қандай қарым-қатынаста екенін анықтау үшін «Отбасы суреті» әдістемесі қолданылды.